

Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-140 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26376 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 30 мамырдағы № 50 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.05.2025 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бюджет департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
 - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;
 - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің

міндеттін атқарушы

Ж. Буркитбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулердің, консалтингтік қызметтертер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес өзірленді және зерттеулердің, консалтингтік қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындауды.

2-тaraу. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібі

2. Әлеуетті өнім беруші жүзеге асыратын қызметтердің құнын анықтау үшін оның қызметінің негізгі түріне жататын шығындар ескеріледі.

3. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын есептеу үшін қызмет бірлігі айқындалады.

4. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың шығындарының құрылымын айқындау:

1) зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы көрсетуге арналған тікелей шығындар сомасының;

2) зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы көрсетуге арналған үстеме (жанама) шығыстар сомасының негізінде жүргізіледі.

5. Тікелей шығындар деп көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнына тікелей және тікелей енгізілуі мүмкін қызметтерді көрсетумен байланысты шығыстар түсініледі.

6. Тікелей шығыстарға мыналар жатады:

1) зерттеулерді, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманы жүзеге асыратын қызметкерлердің (штаттық және штаттан тыс) жалақысы;

2) әлеуметтік салық, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары;

3) қосылған құн салығы;

4) зерттеулерді жүргізетін, консалтингтік қызметтерді көрсететін, мемлекеттік тапсырманы орындайтын персоналдың іссапар шығыстары (ел ішіндегі және (немесе) елден тыс қызметтік сапарлар);

5) қосалқы мердігер ретінде қызметті іске асыру үшін тартылатын сыртқы сарапшыларды тарту бойынша шығыстар.

6) материалдарды сатып алу (шығыс материалдары, кеңсе тауарлары, материалдық қор);

7) байланыс қызметтері (пошталық, курьерлік қызметтер, интернет, телефон байланысы, оның ішінде халықаралық және қалааралық байланыс қызметтері);

8) зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін тікелей пайдаланылатын көліктік көрсетілетін қызметтер;

9) полиграфиялық шығыстар (бланк өнімдерін тираждау: сауламалар, бағыт парагтары, карточкалар, зерттеу есептері, тест тапсырмалары, құжаттарды түптеу, тігу және өндөу);

10) курьерлік қызметтер (материалдарды тарату);

11) конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу қажет болған жағдайда жалдау ақысы;

12) банктік қызметтер;

13) зерттеу жүргізу, консалтингтік қызмет көрсету, мемлекеттік тапсырманы орындау үшін тікелей пайдаланылатын аударма бойынша көрсетілетін қызметтер

7. Үстеме шығындар келесі шығындарды қамтиды:

1) әкімшілік персоналдың жалақысы;

2) әлеуметтік салық, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары;

3) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (мұлік салығы, көлік құралдарына салық, жер салығы және т.б.);

4) әкімшілік персоналдың іссапар шығыстары (ел ішіндегі және (немесе) елден тыс қызметтік сапарлар);

5) әкімшілік персоналды сақтандыру (көлік құралдарын, қызметкерді енбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру);

6) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы;

7) негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсету және жөндеу;

8) коммуналдық қызметтер: электр энергиясы, жылдыту, сумен жабдықтау және кәріз, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару;

9) ғимараттар мен үй-жайларды жалға алу;

10) әкімшілік персоналдың байланыс қызметтері (пошталық, курьерлік қызметтер, интернет, телефон байланысы, оның ішінде халықаралық және қалааралық байланыс қызметтері);

11) шығындар (жарнаманы қоспағанда, ақпараттық қызметтер, өрт қауіпсіздігі және арнайы талаптардың сақталуы, күзет жөніндегі қызметтер, өкілдік шығыстар, аудиторлық қызметтер, банк қызметтері, нотариаттық қызметтер, типографиялық шығыстар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК